

## Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 қаңтарда № 10170 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 166-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны мерзімдік басылымдар мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2014 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 196 бұйрығымен  
бекітілген

## Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, мониторингілеуін және пайдаланылуын бағалау қағидалары Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына беріletін

байланысты емес гранттарды тартуды, пайдалануды, пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау тәртібін айқындайды.

Қағидалар ізгілік, қайырымдылық, өскери, азық-тұліктік көмекті тарту және бөлу рәсімдеріне қолданылмайды.

## 2. Осы қағидалардың мақсаттары:

1) ашық және тиімді байланысты емес гранттарды тарту және пайдалану процесін қамтамасыз ету;

2) байланысты емес гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы есептер мен ақпараттарды ұсыну процесін реттеу;

3) байланысты емес гранттарды пайдаланылуын мониторингілеу мен бағалау процесін реттеу және жүйелендіру болып табылады.

## 3. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бенефициар - осы қағидаларда көзделген тәртіппен тікелей байланыссыз гранттарды алғышын және пайдаланатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымы;

2) атқарушы агенттік - байланысты емес гранттарды пайдалануды мониторингілеу процесін жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қаланың, астананың);

3) заттай үлес - бенефициарды және/немесе атқарушы агенттікті ұстауға көзделген бюджеттік қаржы бөлүлер шегінде Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес берілетін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант берген донордан одан әрі қарыз алуын немесе жобаны мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруын көздемейтін бенефициардың және/немесе атқарушы агенттіктің белгілі бір жобаны іске асыру шенберіндегі үлесі (ақшаны қоспағанда);

4) салалық мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген құзырет шенберінде белгілі бір қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

5) жоба - аяқталған сипаты бар белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған және шектеулі уақыт кезеңі ішінде байланысты емес гранттар қаражаты есебінен іске асырылатын іс-шаралар жиынтығы;

6) өнірлік жоба - оны іске асыруға бірден артық мемлекеттің қатысуын көздейтін жоба;

7) байланысты емес грант туралы келісім - атқарушы агенттік пен донордың арасында жазбаша нысанда жасалған Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына өтеусіз қаржылық немесе техникалық көмек беруді көздейтін келісім;

8) уәкілетті орган - байланысты емес гранттарды тарту, пайдалану, пайдалану тиімділігін бағалау процестерін үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық атқарушы орган.

**Ескерту. 3-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Байланысты емес гранттар көмек беру түрлері бойынша былайша бөлінеді:

1) тауарларды жеткізу - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын донордың қаражатына сатып алған материалдық-техникалық құндылықтарды өтеусіз негізде мемлекеттік меншікке беру;

2) жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету - мемлекеттік ұйымдарға сарапшыларды, консультанттарды (мамандарды), еріктілерді (волонтерлерді) жіберу арқылы зерттеулер жүргізу, консультациялық және басқа да көмек беру, сондай-ақ тауарларды жеткізу мен мемлекеттік ұйымдардың қызметшілерін оқыту түріндегі көмекті қоспағанда, жұмыстар мен қызметтердің басқа да түрлері;

3) мемлекеттік ұйымдардың қызметшілерін оқыту - курсар, семинарлар, тренингтер және оқытудың басқа да түрлерін жүргізу және/немесе ұйымдастыру және мемлекеттік ұйымдар қызметшілерінің біліктілігін арттыру.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланысты емес гранттарды пайдалану барысында бенефициарға және/немесе атқарушы агенттікке байланысты емес грант туралы тиісті келісімде көзделген заттай үлес беруге жол беріледі.

6. Мемлекеттік ұйымдардың донорларға байланысты емес гранттарды тарту мәселелері бойынша жүргінуі тек уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.

## **2. Байланысты емес гранттарды тарту қағидалары**

7. Уәкілетті орган жыл сайын тиісті қаржы жылышының 1 мамырынан кешіктірмей, сондай-ақ қажеттілігіне қарай атқарушы агенттіктердің өтінімдер қалыптастырыған кезде есепке алу үшін алдағы қаржы жылышына арналған байланысты емес гранттарды беру туралы донорлардың ұсыныстары туралы ақпаратты атқарушы агенттіктерге жібереді.

8. Атқарушы агенттіктер тиісті қаржы жылышының 1 тамызынан кешіктірмей немесе уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде уәкілетті органға алдағы қаржы жылышында байланысты емес гранттарды тарту мақсатында басым жобалардың тізбесін қалыптастыру үшін өтінімдер береді. Атқарушы агенттіктердің көрсетілген мерзімдерден кейін берілген өтінімдерін уәкілетті орган қарамайды.

Атқарушы агенттіктердің өтінімдері оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің ұсыныстары ескеріле отырып қалыптастырылады.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар аппаратарының өтінімдері тиісті облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдіктерінің өтінімдерінде көрсетіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8-1 Донорлар ұсынған және уәкілетті орган мен атқарушы агенттіктермен келісілген жобалар келуі бойынша тізбеке қосылады.

**Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Атқарушы агенттіктердің өтінімдерді қалыптастыруы Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданыстағы мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өнірлік бағдарламалардың, сондай-ақ тұжырымдамалардың негізінде айқындаған міндеттердің негізінде жүзеге асырылады.

10. Атқарушы агенттіктің өтінімі:

1) ұсынылатын жобалардың тізбесін және олар бойынша шығыстар сомасын;

2) жобаның мақсаты, негізгі іс-шаралары мен оларды іске асыру мерзімдері, күтілетін нәтижелері көрсетіле отырып, әр жобаға жеке түсіндірме жазбасын (негіздемесін);

3) әр жоба бойынша шығыстардың есебін;

4) ағымдағы қаржы жылдының 1 қантарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты қамтиды.

11. Байланысты емес гранттарды тартуға арналған өтінімге енгізілген жобаларды іріктеуді уәкілетті орган:

1) ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сапасын;

2) жобалар мақсатының мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өнірлік бағдарламаларға, сондай-ақ тұжырымдамаларға сәйкестігін;

3) жоба мақсатының Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдары үшін донорлардың байланысты емес гранттар беру саясатына сәйкестігін ескере отырып жүзеге асырады.

12. Атқарушы агенттіктердің өтінімдерін қарау барысында уәкілетті орган:

1) әлеуетті донорлармен консультациялар өткізеді;

2) мұдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) алдағы қаржы жылына арналған жобалардың оңтайлы тізбесін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-шараларды жүргізеді.

13. Атқарушы агенттіктердің өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган тиісті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей алдағы қаржы жылына арналған, мемлекеттік органдардан өтінімдердің түсіүі бойынша жыл бойы жаңартылуға жататын басым жобалардың тізбесін бекітеді.

**Ескеरту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Басым жобалардың бекітілген тізбесі уәкілетті органның байланысты емес гранттарды тарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін негіз болады.

15. Уәкілетті орган алдағы қаржы жылына арналған басым жобалар тізбесін бекіткеннен кейін донорларға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша байланысты емес гранттарды тарту туралы өтінім жібереді.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Донор байланысты емес гранттарды тартуға арналған өтінімді мақұлдаған жағдайда уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде тиісті атқарушы агенттікті байланысты емес грант туралы келісімді дайындау, келісу және оған қол қою жөніндегі іс-шаралар жүргізу қажеттігі туралы хабардар етеді.

Байланысты емес грант туралы келісімді атқарушы агенттік материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізуді және/немесе сарапшыларды, консультанттарды (мамандарды), еріктілерді (волонтерлерді) тарруды көздейтін әр жоба бойынша жеке жасайды.

Мемлекеттік ұйымдардың қызметшілерін оқыту түріндегі байланысты емес гранттарды тарту, донордың байланысты емес гранттар беру шарттарында мұндай талап болған жағдайда, уәкілетті орган мен донор арасында жасалатын тиісті келісімнің негізінде жүзеге асырылады.

Донорлардың мемлекеттік ұйымдардың қызметшілерін оқыту түріндегі байланысты емес гранттар беру шарттары байланысты емес гранттар туралы тиісті келісімдерге қол қою қажеттілігін көздейді.

17. Материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізуді көздейтін байланысты емес гранттар туралы келісім жеткізілетін материалдық-техникалық құндылықтардың негізгі техникалық және өзге де сипаттамаларын, сондай-ақ оларды жеткізу кестесін (мерзімін) қамтиды.

18. Сарапшыларды, консультанттарды (мамандарды), еріктілерді (волонтерлерді) тарруды көздейтін байланысты емес гранттар туралы келісімдерде:

1) жобаның негізгі кезеңдері (іс-шаралары), оларды іске асыру мерзімдері, сондай-ақ сомасы;

2) тараптардың міндеттемелері, оның ішінде донордың атқарушы агенттікке жобаны іске асыру барысында іс-жүзінде пайдаланылған сомалар туралы мәліметтер беру міндеттемесі;

3) бенефициардың және/немесе атқарушы агенттіктің заттай үлесінің нысаны көрсетіледі.

19. Мемлекеттік ұйымдардың қызметшілерін оқыту түрінде ұсынылған байланысты емес гранттар туралы келісімдерде оқыту немесе біліктілікті арттыру курсарының ( семинарларының, тренингтерінің) негізгі бағыттары, оларды өткізу мерзімдері, сондай-ақ курсарға (семинарларға, тренингтерге) тындаушылар ретінде шақырылатын мемлекеттік ұйымдар қызметшілерінің болжамды саны көзделеді.

20. Облыс (респубикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі атқарушы агенттік болған жағдайда байланысты емес грант туралы келісімге тиісті салалық мемлекеттік орган немесе уәкілетті орган қол қояды.

21. Доңор уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті салалық мемлекеттік органның оң қорытындысы негізінде өнірлік жобаны іске асыру үшін байланысты емес грант берген жағдайда өнірлік жобаны іске асыру оны басым жобалардың тізбесіне қоспай жүзеге асырылады.

22. Байланысты емес грант есебінен өнірлік жобаны іске асыру туралы тиісті келісімді дайындау, келісу және оған қол қою жөніндегі іс-шаралар доңордың рәсімдерін ескере отырып, өнірлік жобаны іске асыруға қатысатын елдермен келісім бойынша жүзеге асырылады.

### **3. Байланысты емес гранттарды пайдалану қағидалары**

23. Материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізуді көздейтін жобаларды іске асыру байланысты емес грант туралы келісімнің шарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Жобаны іске асыру шенберінде тауарларды жеткізген жағдайда материалдық-техникалық құндылықтар бенефициардың балансына қабылданады.

Атқарушы агенттік 15 жұмыс күні ішінде уәкілетті органға олардың негізінде материалдық-техникалық құндылықтарды беру жүзеге асырылатын тиісті құжаттардың көшірмелерін береді.

25. Сарашылар мен консультанттарды (мамандарды) тартуды көздейтін, оның ішінде материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізу жөніндегі жобаны іске асыру атқарушы агенттіктің келісімі бойынша бенефициар әзірлейтін техникалық тапсырмаға сәйкес жүзеге асырылады.

Жобаға техникалық тапсырма байланысты емес грант туралы келісімнің шарттарына сәйкес және доңордың келісімі бойынша әзірленеді.

26. Өнірлік жобаға техникалық тапсырма өнірлік жобаны іске асыруға қатысатын мемлекеттер жасасқан байланысты емес грант есебінен өнірлік жобаны іске асыру туралы тиісті келісімнің шарттарына сәйкес әзірленеді.

27. Техникалық тапсырмада:

1) аяқталу нысаны мен оларды іске асыру мерзімдерін қоса алғанда, жобаның кезеңдері мен нақты іс-шаралары;

2) жобаның әр кезеңіндегі іс-шараларды іске асырудан күтілетін нәтижелер;

3) жергіліктілерді қоса алғанда, жобаны іске асыру үшін тартылатын сарапшылардың және консультанттардың (мамандардың) функционалдық міндеттері мен жобаға қатысу кезеңі көрсетіле отырып, олардың сандық және сапалық құрамы көзделінеді.

28. Жобаға техникалық тапсырманы бенефициардың бірінші басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға, сондай-ақ донордың уәкілетті өкілі байланысты емес грант туралы келісім күшіне енген күннен бастап үш айдан кешіктірмей бекітеді.

Атқарушы агенттік жобаға техникалық тапсырма бекітілген күннен бастап бір апта мерзімде уәкілетті органға оның атқарушы агенттігінің бірінші басшысы немесе оның орынбасары растиған көшірмені беруді қамтамасыз етеді.

29. Жобаны іске асыру процесінде бекітілген техникалық тапсырмаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі. Бұл ретте техникалық тапсырмаға өзгерістер мен толықтырулар байланысты емес грант туралы келісімнің шарттарына қайшы келмейді.

30. Техникалық тапсырмаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда атқарушы агенттік бір апта мерзімде уәкілетті органға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негіздемелерімен бірге нақты ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.

31. Жобаны іске асыру процесінде атқарушы агенттік:

1) байланысты емес грант туралы келісімде көзделіп қабылданған міндеттемелердің, сондай-ақ техникалық тапсырмада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын;

2) Қазақстан Республикасының мұдделі мемлекеттік органдарына, сондай-ақ уәкілетті органға донордың немесе оның уәкілетті тұлғаларының байланысты емес грант туралы келісімде көзделген міндеттемелерді, сондай-ақ техникалық тапсырмада көзделген іс-шараларды орындағаны туралы уақтылы хабардар етуді;

3) байланысты емес гранттардың мақсатты және тиімді пайдаланылуын;

4) донордың есебінен берілген материалдық-техникалық құндылықтардың импорты кезінде кедендейтін ресімдеудің уақтылы жүзеге асырылуын;

5) донордың есебінен берілген материалдық-техникалық құндылықтардың бенефициардың балансына уақтылы қабылдануын қамтамасыз етеді.

#### **4. Байланысты емес гранттардың пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау**

32. Материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізуді, сондай-ақ сарапшылар мен консультанттарды (мамандарды) тартуды көздейтін байланысты емес гранттардың пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау:

1) жобалардың іске асырылу барысы, сондай-ақ жобалардың ағымдағы бағалау туралы ақпаратты атқарушы агенттіктердің жинауын, өндөуін және оны уәкілетті органға ұсынуын;

2) атқарушы агенттіктің Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұйымдарының байланысты емес гранттарды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты жасаудың және уәкілетті органға ұсынуын қамтиды.

33. Атқарушы агенттіктер тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей уәкілетті органға мыналарды қамтитын:

1) материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізу кестесінде (мерзімдерінде) не жобаларға техникалық тапсырмаларда көзделген іс-шараларды іске асырудың ағымдағы жай-қүйі туралы мәліметтерді;

2) жобаларға техникалық тапсырмаларда көзделген іс-шараларды іске асыру барысында қол жеткізілген аралық нәтижелер туралы мәліметтерді;

3) материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізу кестесінде (мерзімінде) не жобаларға техникалық тапсырмаларда көзделген іс-шаралардың орындалмау не сапасыз орындалу себептері туралы мәліметтерді;

4) материалдық-техникалық құндылықтарды жеткізу кестесінде (мерзімінде) не жобаларға техникалық тапсырмаларда көзделген іс-шараларды іске асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды беруі тиіс.

34. Байланысты емес гранттардың пайдаланылуын бағалауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган қажет болған жағдайда:

1) атқарушы агенттіктерден және/немесе бенефициарлардан беру мерзімін көрсете отырып қосымша ақпарат сұратады;

2) атқарушы агенттіктер беретін ақпаратты растау үшін жоба іске асырылатын жерге уәкілетті тұлғаларды жібереді;

3) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де шараларды қабылдайды

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Атқарушы агенттік жыл сайын тиісті қаржы жылышынан 15 наурызынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарының байланысты емес гранттарды пайдаланғаны туралы ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізеді.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Өңірлік жобаны іске асыру үшін байланысты емес гранттың пайдаланылуын мониторингілеу және бағалау осы тарауда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Байланысты емес гранттарды тарту,  
пайдалану, пайдаланылуын  
мониторингілеу  
және бағалау қағидаларына қосымша

Нысан

Ескерту. Он жақтағы жоғары бөлігі жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## Байланысты емес гранттарды тартуға өтінім

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік органдың атауы
2. Жобаның атауы
3. Секторы
4. Жобаның мақсаты
5. Зерттеу жүргізу қажеттілігінің негіздемесі
  6. Жобаның сипаттамасы (мәселенің немесе проблеманың қысқаша тарихы, мемлекеттік реттеудің қажеттілігі, жеделдігі мен өзектілігі, көлемі, ауқымдылығы, қазіргі әдістері)
  7. Зерттеудің болжамды құны.
  8. Азия Даму Банкінің рөлі (АДБ қатысуының қажеттілігі)
  9. Күтілетін іс-шаралар
  10. Болжамды нәтижелер
  11. Іске асыру мерзімдері
  12. Арасыңыздағы қызымет (осы тақырыпқа зерттеулер жүргізілген бе, осы іс-шараға басқа донорлардан грант тартылған ба)
  13. Байланысатын тұлғалар (Т.А.Ә., лауазымын, телефон нөмірін және электрондық мекенжайын көрсете отырып)